

Мамандық бойынша оқытушылардың кәсіби – шығармашылық бағыттағы іс – әрекеттерінің барысында арнаулы пәндер мазмұнын толықтыруда арнайы курсты оқытуды енгізуге, студенттердің ғылыми – практикалық конференцияларда баяндамаларды талқылауға, комплекстік тапсырмалар, бақылау жұмыстарын, жазба, курстық, дипломдық жұмыс орындауды жүзеге асыруға болады. Демек, жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- студенттерді логикалық және ғылыми – шығармашылық ойлауға, кәсіби қабылдауларын, ізденушілігін дамытады;
- дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға негіз болады;
- өздігінен ізденіп, игерген материалдарын ұзақ есте сақтауларынан білімдерін тереңдетеді.
- өз білімдеріне сенушілік қалыптасып, эмоционалдық сезімдеріне әсер етеді;
- іздену, зерттеу жұмыстарымен айналысуға үйретеді;
- өнерге деген эстетикалық белсенділікке, баға беруге талпындырады.

Педагогтар 21 ғасырда Жаңа ақпараттық технологиялар кезеңі деп атайды, қазір кез келген ақпаратты табу жолдары оңай. Сондықтан оқушыларды қажет ақпаратты тауып, оны талдап ойластыруға үйрету – оқыту технологияларының бір аспектісі болып табылады. Білім беру технологиясы – оқу барысын жоспарлау, оқушылардан тест алу және білім беру жүйесі ретінде мектеп іс – әрекетін басқару үшін жүйелі тәсіл мен ілеспелі тәжірибелік білім жиынтығын құру.

Оқыту технологисы – дидактикалық бағыт оптимальды жүйелердің принциптерін анықтаудың және жасаудың, алдын ала сипаттамалары берілген қайталауға келетін дидактикалық процестерді конструкциялауды ғылыми зерттеу аясы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://kulpan.kz/bilim-berudegi-zha%D2%A3a-a%D2%9Bparatty%D2%9B-texnologiyalar-%D2%9B%D2%B1raldaryn-zhasaudy%D2%A3-negizgi-ba%D2%93yttary.html>

2. [http://www.rusnauka.com/29\\_NIOXXI\\_2012/Informatica/1\\_118980.doc](http://www.rusnauka.com/29_NIOXXI_2012/Informatica/1_118980.doc)

3 Халықова К.З. «Информатиканы оқыту әдістемесі»: Оқулық / Халықова К.З. / Тұрғанбаева А.Р., Бостанов Б.Ғ. – Алматы: 2000. –422б.

4 Хасанова Г. «Информатика пәнін жаңа технологиялармен оқытудың тиімді жолдары» 2005 ж.

### **Инновациялық технология және оның даму барысы**

*Автор: Информатика мамандығының 3 курс студенті Серікбай Ерік Ниязбекұлы*

*Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанова З. С. т.ғ.кандидаты, Информатика және КТ кафедрасының оқытушысы*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

«Иновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңалық, жаңару, өзгеру» деген мағынаны білдіреді.

Т.И. Шамова, П.И.Третьякованың еңбегінде «Иновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни иновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс – тәсіл мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әр түрлі анықталады. Зерттеушілердің айтуынша: «инновация» – педагогикалық категорияларға жатады және ол мектептегі құбылысқа тың жаңалық: жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын, әдіс – тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады. [1]

Қазақстанда ең алғаш «Иновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Иновация, иновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов “Иновация” білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу –тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде иновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір – бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке – дара кешені, бір –бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу –тәрбие үрдісінде оқытудың иновациялық әдіс –тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

– дербес оқыту технологиясы оқу –тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік –психологиялық жауапкершілін арттырады.

– қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

– оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

– саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс –әрекет жасау негізінде адамның иновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

– ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

– иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам –қоғам –табиғат” үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

– ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала –субъект», «бала –объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының

әлеуметтік жағдайы мен іс –әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. [2]

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

– жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

– жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық –техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Соңғы жылдары ғылым саласында жаңа мектеп құруда, мектептің даму үрдісін зерделеуде білімнің жаңа бағыты ретінде педагогикалық инновация дамып келеді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу –тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым –қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс –әрекетінің ғылыми –педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл –ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Себебі инновациялық технологияларды қолдана отырып, біз оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, өз бетінше жұмыс істей алатын болады, білім сапасы артады, компьютерде жұмыс істеу сауаттылығын арттыра аламыз.

Мысалы, мен 20 мектепте практика өттім. Практика барысында оқушылардың қызығушылықтарын ояту үшін сынып сағаты мен ашық сабақтарды презентация түрінде интерактивті тақтада өткіздім. Сынып сағатын өткізу барысында оқушылар тақтадан ұяшықтар таңдап, сол сұрақтарға жауап беріп отырды. Жалпы алғанда, 20 мектеп қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Келер ұрпақ білімді болу үшін барлық жағдай жасалған. Сол себепті біз мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп, оқушылардың қызығушылықтарын, техникалық сауаттылықтарын дамытып, арттыруымыз керек.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден – бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Қазіргі заман талабына сай оқу – құралдарын енгізу және оны қолдана білу керек. Сондықтан ғылыми – техникалық дамудан қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Менің ойымша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру қазіргі таңда міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://kaznmu.kz/press/2012/09/19>

### **Электрондық оқулық және оның құрылымы**

*Автор: Информатика мамандығының 3 курс студенті Ермекбаева Жансая Сейлбекқызы*

*Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанова З. С. т.ғ.кандидаты, Информатика және КТ кафедрасының оқытушысы*

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Қазіргі уақытта оқушыларға сапалы білім беруде компьютердің атқаратын ролі ерекше. Мұғалімнің кәсіптік деңгейі мен оқушылардың қызығушылығын арттыруда бірден – бір құрал – компьютер. Оқу үрдісінде компьютер оқып – үйрену нысаны ретінде,